

Көтерме сауда азық-түлік рыноктары жүйесін құру және оны дамыту мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 маусымдағы N 722.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстан Республикасында көтерме сауда азық-түлік рыноктарының жүйесін құру және оны дамыту жөнінде әзірленген ұсынымдары мақұлданын (қоса беріліп отыр).

2. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері көтерме сауда азық-түлік рыноктары жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шараларды әзірлесін және оны жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік меншіктегі объектілерді кейін сатып алу құқығымен көтерме сауда азық-түлік рыноктарына жалға беруге жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 10 маусымдағы

N 722 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасында көтерме сауда азық-түлік рыноктар жүйесін құру және оны дамыту жөніндегі Ұсынымдар

1. Жалпы ережелер

1. Осы ұсынымдар Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда азық-түлік рыноктар (әрі қарай - көтерме рынок) жүйесін құру және оны дамыту тетігінің жалпы тәртібін белгілейді.

2. Көтерме сауда рыногы белгіленген тәртіпте тіркелген заңды тұлға болып табылады. Көтерме сауда рыногы өз қызметін жарғы мен құрылтай шартының негізінде құқықтық-ұйымдық нысанына қарай заңды тұлға ретінде жүзеге асырады.

3. Көтерме сауда рыногында өткізілетін саудаластық тапсырыстарды

орналастыру нысаны немесе тапсырысты орындау мен қызмет көрсету үшін әріптесті (атқарушыны, делдалды) таңдауды көздейтін ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлігін алу.

Саудаластыққа қатысушылар - Қазақстан Республикасының, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің заңды және жеке тұлғалары.

4. Көтерме сауда рыногының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

бәсекелестік рыногына шығу үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктерін өндірушілер мен берушілерге қажетті жағдайлар жасау:

халықты жаңа және сапалы тамақ өнімдерімен жыл бойы жабдықтауды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімінің нормадан жоғары шығынын қысқарту;

ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлігін нақты бір жерге шоғырландыру.

2. Көтерме сауда рыногының функциялары

5. Көтерме сауда рыногының негізгі функциялары мыналар болып табылады:

көтерме саудаластық жүргізу үшін ұйымдық жағдайлар жасау, сауда мәмілелерін жасау, кеңсе және офистік үй-жайлардың арнаулы сауда орындарын және көтерме саудаластыққа қатысушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерді жабдықтау;

көтерме саудаластыққа қатысушылардың тауар иегерінің келісімі бойынша аукциондық және конкурстық саудаластықтар ұйымдастыру;

көтерме сауда рыногында сатылатын тауардың сапасына, сондай-ақ белгіленген тәртіпте бекітілген сауда ережелерінің сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз ету;

сатылатын ауыл шаруашылығы өніміне азық-түлігіне сұраныс пен ұсыныстың және қалыптасқан бағалардың деңгейінің жай-күйі туралы материалдар жинау, қорыту және онымен көтерме саудаластыққа қатысушыларды хабарландыру;

көтерме саудаластыққа қатысушыларды олардың тапсырыстары бойынша көлік қызметтері мен қажетті сауда-технологиялық, көтеру-көлігімен, тиеу-түсіру және салмақ өлшеу жабдығымен және басқа да қызмет түрлерімен қамтамасыз ету;

көтерме саудадағы қатысушылардың тапсырыстары бойынша тауарларды ішкі қоймалық орналастыруды, сауда жүктерін түсіру және тиеуді орындау;

инженерлік инфрақұрылымдар құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, тоңазыту, сауда, көтеру-көлік және өзге де жабдық пен тетіктерге техникалық қызмет көрсету;

өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімді ілеспе сатуын ұйымдастыру;

көтерме сауда рыногының объектілерін күзетуді, көтерме саудаластыққа

қатысушыларды тіркеу жүйесін, ішкі байланыс құралдары жүйесінің жұмысын ұйымдастыру, өрттен қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

көтерме саудаластыққа қатысушыларды әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы қызметтермен қамтамасыз ету;

аумақты, барлық қоймаларды, сауда, кеңсе және офистік үй-жайларды тазалау.

6. Көтерме рынок Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ауыл шаруашылығы өнімімен және азық-түлігімен көтерме сауда ұйымдастыруға байланысты басқа қызметті жүзеге асыруға хақылы.

3. Көтерме сауда рыноктарының үлгілері

7. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктері түрлерінің кең ауқымы бойынша көтерме сауда рыноктары мамандандырылған және әмбебап болуы мүмкін.

Мамандандырылған көтерме сауда рыноктары өнімнің жекелеген түрлерімен, етпен және ет өнімдерімен, жеміс-жидектермен, көкөніспен, балық және балық өнімдерімен және басқаларымен сауда жасауға бағдарланады.

Әмбебап көтерме сауда рыноктары ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктерінің бірнеше түрімен сауда жасауды ұйымдастырады.

8. Көтерме сауда рыноктары түрлерінің ерекшелігі мен жұмыс істеудің нақты жағдайларына байланысты ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктері өндірісінің аймағында да, сондай-ақ оларды жаппай тұтыну орталықтарында да орналасуы мүмкін.

4. Көтерме сауда рыногын құру мен жұмыс істеуінің ұйымдық-құқықтық тетігі

9. Көтерме сауда рыногын шетелдік қатысушыларды қоса алғанда заңды және жеке тұлғалар болуы мүмкін құрылтайшылар белгіленген заң тәртібімен құрылады. Құрылтайшылардың санына шек қойылмайды.

10. Көтерме сауда рыногы Қазақстан Республикасының, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің заңды және жеке тұлғаларының қаржы қаражаттарын, мүлкі мен өзге де меншіктерін біріктіру жолымен құрыла алады.

Шетелдің заңды және жеке тұлғаларының қатысуы Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

11. Көтерме сауда рыноктарын құру кезінде ұйымдық-құқықтық нысандарды тыңдауды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес оның құрылтайшылары айқындайды.

12. Мыналардың болуы көтерме сауда рыногының тиімді жұмыс істеуінің қажетті шарттары болып табылады:

бөлшек сауда ұйымдарының монополиясыздандырылған жүйесі;
ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауар өндірушілерінің дамыған торабы мен ұқсатушы өнеркәсіп үшін шикізаты;
өнімдерді сақтау, тоңазыту, орау-қаптау, тасымалдаудың тиісті материалдық-техникалық базасы мен коммуникациялар.

13. Көтерме сауда нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оның жанынан: ақпараттық, есеп айырысу-қаржы, заң, сондай-ақ көлік және сервистік (тамақ, қонақүй шаруашылығы және басқалар) арнаулы қызметтер құрылады.

Қызметтерді құру мен орналастыру үшін заңмен белгіленген тәртіпте жер учаскесі бөлінеді, өнімді сақтау, тоңазыту, орау-қаптау, тасымалдаудың материалдық-техникалық базасы жаңадан құрылады немесе қолда барлары п а й д а л а н ы л а д ы .

Көтерме сауда рыногының аталған қызметтері осы рыноктың бөлімшесі ретінде де құрыла алады немесе заңды тұлға құқығында көтерме сауда рыногының әкімшілігімен шарттық негізде дербес ұйым ретінде де жұмыс істей а л а д ы .

14. Әмбебап және мамандандырылған көтерме сауда рыноктары ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлігінің жекелеген түрлерін сатудың ерекшеліктерінің негізінде инфрақұрылымын қалыптастырады.

Б ұ л р е т т е :

мамандандырылған жеміс-көкөніс көтерме сауда рыноктары жұмыс істеп тұрған жеміс-көкөніс базаларын, сауда-сатып алу ұйымдарын, рыноктарды қайта жаңарту және қайта бейімдеу негізінде құрыла алады. Халқы көп қалаларға арналған мамандандырылған жеміс-көкөніс көтерме сауда рыноктары арнаулы ж о б а л а р б о й ы н ш а құрылады;

мамандандырылған көтерме сауда мал рыноктары, мал мен құстың барлық түрін сатуды қамтамасыз етуі тиіс. Аймақтың мамандандырылуына байланысты нақты көтерме сауда рыногында малдың немесе құстың белгілі бір түрі басым б о л у ы м ү м к і н .

Көтерме сауда рыногының аумағында: қабылдау және сою пункттері, жем сақтауға арналған қойма, саудаластық жүргізуге және мәмілелерді ресімдеуге арналған үй-жай, мал дәрігерлік, қызмет, банк мекемесінің бөлімшесі (филиалы), ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түліктерін уақытша сақтауға арналған т о ң а з ы т қ ы ш о р н а л а с а а л а д ы .

Мамандандырылған көтерме сауда балық өнімдері рыноктары (теңіз өнімдері) олардың кәсіпшілігінде де, ұқсату және сақтау орындарында да ұйымдастырылады, мамандандырылған көтерме сауда рыноктарының құрамында

да барлық көтерме сауда рыноктары қызметтерімен бірге өнімдерді уақытша сақтауға арналған тоңазытқыштар болуы тиіс.

15. Көтерме сауда рыногы:

қызметті үйлестіру, өзінің қатысушыларының мүдделерін қорғау, бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін белгіленген заң тәртібімен одақтарға ассоциацияларға кіре алады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес филиалдарын, өкілдіктерін ұстай алады.

16. Көтерме сауда рыногы:

рыноктарда сатылатын ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлігінің бағаларына деңгейлер мен шектер;

мәмілелер жасау кезінде делдалдық үшін делдалдарға сыйақылардың мөлшерін белгілей алмайды.

17. Осы рыноктардағы бәсекелестікті жою немесе шектеу мақсатын немесе ықпал етуді көздеген көтерме сауда рыноктарының келісімдері мен іс-әрекеттерінің күші жойылуы мүмкін.

18. Көтерме сауда рыноктарына салық салу, кредит беру, сақтандыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Көтерме сауда рыногы жұмыс істеуінің экономикалық тетігі

19. Көтерме сауда рыногының кірістері өндірістік шығындардың орнын толтыру, қызметкерлерге еңбекақы төлеу, өндірістік базаны, рыноктың ақпараттық-техникалық және әлеуметтік дамуы мен инфрақұрылымын дамыту үшін пайдаланылады.

20. Көтерме сауда рыногының кірісі сауда жасау құқығына арналған арендалық төлемдердің, рыноктың өндірістік, консультациялық және белгіленген заң тәртібімен көрсетілген басқа да қызметтері (көлік, тиеу-түсіру жұмыстары, сапа сараптамасы, сатылмаған өнімді кәдеге жарату) үшін төлемдердің есебінен қалыптасады.

6. Көтерме сауда рыногының меншігі

21. Үйлер, құрылыстар, жабдық, техника, материалдар, аяқталмаған өндіріс, ақша қаражаты, бағалы қағаздар, лицензиялар мен өзге мүлік көтерме сауда рыногының меншігі болуы мүмкін.

22. Көтерме сауда рыногының қаражатының көзі өз қаражаты болып табылады.

Жарғы капиталы мен көтерме сауда рыногы құрған қорлар қайырымдылықты қоса әртүрлі жарналардан алынған қаражат, заңды тұлға құқындағы өздері

құрған ұйымдардың шаруашылық қызметінен алынған табыс, Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер көтерме сауда рыногының өз қаражатын құрайды.

Банктер мен басқа да ұйымдардың кредиттері, уақытша пайдалануға берілген қаражат, бағалы қағаздарды шығарудан алынған қаражат, Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған материалдық қамтамасыз етудің өзге де қаражаты көтерме сауда рыногының қаражатын құрайды.

7. Көтерме сауда рыногын басқару

Көтерме сауда рыногын басқару тәртібі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес айқындалады.

8. Көтерме сауда рыногында сауданың ұйымдастырылуы

23. Көтерме сауда азық-түлік рыногында саудада мыналар қарастырылуы т и і с :

рыноктың негізгі құрылымдық бөлімшелерінің қызметі;
рынокта көтерме сауда өткізу тәртібі;
сатылатын тауарлар тізбесі;
көрсетілетін қызметтер тізбесі;

сатушылар мен сатып алушылардың (саудаға қатысушылар) құқығы мен м і н д е т т е р і ;

рынокта құқық тәртібі мен тәртіпті қамтамасыз ететін шаралар, көтерме саудаға қатысушылардың қолданылып жүрген заңдарды сақтауы.

24. Көтерме сауда рыноктарында ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлігін сатушылар (жеткізушілер) мен тұтынушылары көтерме сауданың қатысушылары болып табылады.

Сатушылар - ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен олардың бірлестіктері, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары, сауда-тұрмыстық және басқа да ұйымдар, жеке тұлғалар.

Тұтынушылар - тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары көтерме сатып алушы сауда және басқа ұйымдар, олардың одақтары, ассоциациялар, жеке тұлғалар.

25. Көтерме сауда рыногында саудаға қатысушылар мыналарға құқылы:

Тауар үлгілерін (сауда үлгілері бойынша), (сатушылар үшін) ұсынуға;
ұсынылған тауарлар мен олардың саны, сапасы, бағалары туралы барлық х а б а р д ы з е р д е л е у г е ;

басқа көтерме сауда рыногындағы сол тектес тауарлардың мәмілесі туралы х а б а р д ы а л у ғ а ;

сатылуға жеткізілген немесе сатып алынған тауарларды көтерме сауда рыногының қойма үй-жайларында сақтауға орналастыру тәртібі мен сақтау төлемі көтерме сауда рыногының жарғысымен белгіленеді;

тұтынушы мен қоршаған орта үшін ұсынылған тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін тексеруге;

тауарларды сақтау мен оларды орналастыру үшін рынок ұсынған үй-жайларды сақтаудың шарттары мен ережелерін бұзбауға қойылатын талаптарға сәйкестілігін тексеруге құқығы бар.

26. Көтерме сауда рыногында көтерме саудаға қатысушылар: сату үшін (өндірушілер үшін) жасалған контрактілерде басқа да талаптар көзделмесе тауарды сапасы мен орап-қаптауы бойынша стандарттарға сәйкес беруге;

сатылатын тауар туралы сенімді ақпарат беруге; тұтынушы мен қоршаған орта үшін өнімнің сапасы мен оның қауіпсіздігі туралы құжаттар беруге міндетті.

27. Көтерме сауда рыногында саудаға қатысушылар арасындағы оның ішінде аймақтардың қажеті үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктерді көтере сатып алуға арналған қатынастар, контрактілердің көмегімен реттеледі.

28. Көтерме сауда рыногында сатып алу операциясы делдалдың көмегімен іске асырылуы мүмкін. Бұл ретте операция:

клиент атынан және оның есебінен клиенттің атынан және өз есебінен немесе өз атынан және клиенттің есебінен мәмілелер жасау (брокерлік қызмет);

кейін қайта сату мақсатында өз атынан және өз есебінен делдалмен мәмілелер жасау (дилерлік қызмет) жолымен жүргізіледі.

29. Заңда белгіленген тәртіппен құрылған және тіркелген брокерлік фирмалар, кеңселер, сондай-ақ заңды тұлға құрусыз өз қызметін жүзеге асырушы кәсіпкерлер ретінде заңда белгіленген тәртіппен тіркелген тәуелсіз брокерлік, көтерме сауда рыногында делдалдар бола алады.

Сондай-ақ көтерме сауда рыногында жұмыс істеп тұрған көтерме, көтере сатып алу және басқа ұйымдар делдал бола алады.

30. Көтерме сауда рыногында делдалдардың өз клиенттерімен қатынастары олардың арасында жасалған тиісті шарттармен (контрактілер) реттеледі.

31. Көтерме сауда рыногында сату үшін ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлігін жеткізуші сауда делдалдары немесе тауар өндірушілер оның әкімшілігіне сапа куәлігін немесе сауда ережесінің талабына сәйкес сапасына кепіл беретін өзгеше құжат беруге міндетті.

32. Көтерме сауда рыногында жасалған мәмілелерге көтерме сауда рыногының кепілі жүрмейді.

33. Көтерме сауда рыногында сол рыноктың атынан және оның есебінен мәміле жасалына алмайды.

34. Көтерме саудаға қатысушылар саудаластық барысында құқықтар мен міндеттерді өзара беруге мынандай мәмілелерді жасай алады:

н а қ т ы т а у а р л а р ғ а ;

нақты тауардың жеткізілуінің мерзімін ұзартылуы (форварды мәмілелер);
көтерме сауда рыногында қарыз кепілін беру жағдайында қабылданған нақты
т а у а р л а р ғ а .

35. Онда ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түліктерін көтерме сауда рыногында қатысушылардың сатуы кезіндегі (беруі, сатуы), сондай-ақ сақтау, тасымалдау, өңдеу мен орап-қаптау кезінде сақтауға стандарттардың міндетті талаптарын Мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Көтерме сауда рыногындағы дауларды шешу

36. Көтерме сауда рыногында сатып алу-сату мәмілесін жасауға және оны орындауға байланысты даулар сотта заңда белгіленген тәртіпте қаралады.

37. Көтерме сауда рыногының әкімшілігі мен көтерме саудаға қатысушылардың немесе көтерме сауда рыногына шарттық немесе қызмет көрсетуші құрылымдар арасында пайда болатын даулар да осындай тәртіпте қаралады.

10. Көтерме сауда рыногы әкімшілігінің жауапкершілігі

38. Көтерме сауда рыногының әкімшілігі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікте болады.

11. Көтерме сауда рыноктарын жою

39. Көтерме сауда рыногын жою Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі.